

Қазақстан Республикасының жер қойнауы жөніндегі ақпараттарды (беру, айырбастау, сату) тарату тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 8 желтоқсан 1992 ж. N 1034. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.04. N 779 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының жер қойнауы жөніндегі ақпараттарды тарату (беру, айырбастау, сату) тәртібі туралы ұсынылған Ереже бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1 9 9 2 ж ы л ғ ы 8 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 1 0 3 4 қ а у л ы с ы м е н
Бекітілген

**Қазақстан Республикасының жер қойнауы жөніндегі
ақпараттарды (беру, айырбастау, сату) тарату
тәртібі туралы**

Ереже

1 . Ж а л п ы е р е ж е л е р

Ереже Қазақстан Республикасының жер қойнауы және минералдық шикізатты ұқсату туралы Кодексіне негізделіп әзірленді.

1. Жер қойнауы туралы ақпаратқа геологиялық барлау, ғылыми-зерттеу, пайдалану және басқа жұмыстар жүргізу процесінде алынған барлық геологиялық, геофизикалық, геохимиялық, әуеғарыштық, экономикалық және басқа да жер қойнауын сипаттайтын мәліметтер енеді.

2. Ақпараттың меншік иесі ақпарат алу жұмысын қаржыландыратын тапсырысшы болып табылады.

Осы жұмыстарды мемлекеттік бюджетпен қаржыландыратын мемлекет, жер қойнауын геологиялық зерделеу жұмысын өз жеке қаражаты есебінен қаржыландыратын кәсіпорын, заңды ұйым мен жеке адам жер қойнауын геологиялық зерделеу тапсырысшысы бола алады.

3. Жер қойнауы жөніндегі ақпарат тауарға жатады және өзінің құндық сипаты (бағасы) болады. Ақпараттың бағасын конъюктура негізінде оның меншік иесі

а н ы қ т а й д ы .

4. Жер қойнауы жөніндегі геологиялық және басқа ақпараттар қаржыландыру көзіне қарамастан міндетті түрде Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігіне белгіленген стандарт бойынша ақысыз беріледі.

5. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және минералдық шикізатты ұқсату туралы кодексіне (37-бап, 7-тармақ) сәйкес Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігіне жер қойнауы жөніндегі ақпаратқа меншік иесінің міндеттері мен хұқықтары бекітілген, егер ол мемлекеттік қаржы есебінен алынған болса, осы Ережеде бекітілген тәртіп бойынша таратылады (беріледі, айырбасталады, сатылады). Жер қойнауы жөніндегі ақпаратты осы ақпаратты алу үшін қаржыландырудың басқа көздерінен қаржыландырылған басқа тапсырысшының жұмыс нәтижесінен алынған осы тапсырысшылармен жасалған шарт бойынша Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі таратады. Меншік иесі сияқты мемлекеттің мүдделері (мемлекеттік бюджет мүдделері) Қазақстан Республикасының салық заңдарымен қорғалады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.01.19.

№ 71 қаулысымен.

6. Ақпаратты сатудан түскен кіріс көлемі Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі (не оның өкілі) мен ақпараттың меншік иесінің өзара комиссиялық шарты арқылы анықталады. Шартта геологиялық барлау немесе басқа жұмыстардың қандай сатыда қаржыландырылғаны анық белгіленеді және тікелей сметалық-қаржылық есеппен жер қойнауы жөніндегі ақпараттың нақ осы бөлігінің бағасы анықталады.

Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі ақпаратты сатуды меншік иелерінің қатысуымен іске асырады және көрсетілген қызмет үшін таза кірістен өз үлесін алады.

7. Жер қойнауы жөніндегі ақпарат таратудағы шарттар мен контракттар Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінде есепке алынуға және тіркелуге тиіс.

Жер қойнауы жөніндегі ақпаратты тарату (беру, айырбастау, сату) шарттар мен контрактта ескерілген жағдайлардан тыс беру, үшінші жаққа қайта сату немесе ысыраптау хұқынсыз жүзеге асырылады.

8. Жер қойнауы жөніндегі ақпараттың меншік иесінің хұқығы Қазақстан Республикасының жер қойнауы және минералды шикізатты ұқсату туралы Кодексінде және меншік туралы азаматтық заңдар нормаларымен белгіленген т ә р т і п п е н қ о р ғ а л а д ы .

Бұл Ереже мемлекеттік құпиясына жататын, ақпараттарға таратылмайды.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.01.19.
N 71 қаулысымен.

II. Жер қойнауы жөніндегі ақпаратты тарату (беру, айырбастау, сату)

Геологиялық ақпаратты берудің, айырбастаудың, сатудың келесі тәртібі осы
Е р е ж е д е а н ы қ т а л а д ы .

9. Жер қойнауы жөніндегі барлық ақпарат көздеген мақсатына қарай бес
т ү р л і п а к е т к е б ө л і н е д і ;

мемлекеттік қорға тіркелген кен көздерінің тізімдері; олар жыл сайын
жарияланады, шетел фирмалары мен азаматтарын қосып айтқанда, ашық
с а т ы л у д а ү н е м і б о л а а л а д ы ;

жалпы (танысу) ақпарат орны, олардың геологиялық қысқаша сипаттамасы,
пайдалы қазбаның жалпы ауқымы мен болашақ өндірістің
техникалық-экономикалық параметрлер енгізіледі. Ондай проспектітер, шетел
фирмалары мен азаматтарын қосып айтқанда, ашық сатылуда бола алады;

ақпарат шаруашылық құрылым құру үшін құрылтай құжаттарының
жобаларын жасап, осы өндірісті жүргізуге негіз береді. Бұл ақпарат сатып
алушының нақты ұсыныстарын әзірлеп, іске асырылуын (өндірістің
технологиясы мен ауқымын, күтілетіні пайданы, есептегі өзіндік құнды,
Республика қаржысына төленетін күтілетін пайданы және басқа) қамтамасыз етуі
тиіс. Мұндай пакеттер Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын
қорғау министрлігі жетекшілерінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасы
ішіндегі заңды ұйымдар мен нақты адамдарға немесе Министрліктің
кәсіпорындарымен ресми келіссөз жүргізуші шетел фирмалары мен адамдарына
с а т ы л а д ы ;

кен көздері (жер қойнауының бөлігі) жөніндегі ақпараттың толық жағы,
шетел фирмалары мен адамдарын қоса есептегенде, кен көздерін пайдалану ісін
жүргізу х ұ қ ы с ы м е н б і р г е с а т ы л а д ы ;

сатып алушылар мүдделі болған жер қойнауы немесе кен көзі жөніндегі
ақпараттың белгілі бөлігі ерекше жағдайда ғана таратылуы мүмкін.

10. Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі
шаруашылық есептегі Геологиялық ақпарат Басқармасын құрады, ол заңды
ұйымның ақпарат пакеттерін сату алдындағы барлық дайындық хұқын иеленеді
және оларды сату, айырбастау, беруді тек көрсетілген Басқарма жүргізеді.

11. Геологиялық барлау жұмыстарын қаржыландырушы барлық
тапсырысшылар, олардың қандай ведомствоға және меншіктің қандай
нысандарына жататындарына қарамастан, алынған геологиялық ақпаратты
тарату есебімен тіркеуді жүргізетін Геологиялық ақпарат басқармасы арқылы
ғана (сатады, береді, айырбастайды) тарата алады. Мұнымен қатар геологиялық

ақпаратты қабылдау және оны дайындау (пакеттерге айналдыру) алдын ала және комиссиялық төлемдерді ескере отырып, келешекте таратудан түсетін ақшаға меншік иесінің хұқын сақтау арқылы шарт жасау жағдайында жүзеге асырылады.

12. Геологиялық ақпаратты сату классикалық өзара қарым-қатынас: өндіруші - сатушы - сатып алушы тәртіптері бойынша жүргізіледі, мұндағы өндіруші - геологиялық барлау кәсіпорны (аттестацияланған), сатушы-басқарма, сатып алушы-кез келген заңды ұйым немесе жеке адам.

13. Егер жер қойнауы жөніндегі ақпарат бәсекелік ұсыныстар процесінде территорияны немесе кен көздерін концессияларға табыстауға өткізіп сатылатын болса, онда сату жағдайлары (баға, кірісті бөлу) бәсеке ережелерімен Қазақстан Республикасы жер қойнауы және минералды шикізатты ұқсату туралы Кодексінің 37 бабына сәйкес белгіленеді.

14. Жер қойнауы жөніндегі ақпаратты сату-сатып алу фактісін және ол ақпаратты жаңа иеленушінің көзделген мақсатқа пайдалану хұқығын дәлелдейтін бірден-бір құжаттар сату-сатып алу акті (шарт) және ақпараттың толыққандылығы туралы төлқұжат-сертификат (кепілдемелік міндеттеме) болып табылады. Ол екі құжат қатаң есепте болады және оларды Геологиялық ақпарат басқармасы дайындайды.

III. Геологиялық ақпараттарды таратудағы хұқылық жағдайлар

15. Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігіне жүктелетін жауапкершілік:

жер қойнауы жөніндегі таратылатын мемлекеттік ақпараттың дұрыстығы үшін ;

жер қойнауы жөніндегі ақпараттың дұрыс дайындалуы және оны тарату тәртібінің сақталуы үшін ;

ақпаратты таратудан мемлекет көзқарасымен қарағанда пайда түсуі үшін.

16. Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің геологиялық ақпаратты тарату кезінде: айырбастың мәні мен ретін белгілеуге;

маңыздылығына және конъюктураға байланысты таратылатын ақпараттың қ ұ н ы н б е л г і л е у г е ;

мемлекеттік және қоғамдық органдардың заңға қайшы барлық әрекеттерін көрсетіп, сотқа шағым-арыз беруге және аралық сотқа талдауға хұқығы бар.

17. Егер жер қойнауы жөніндегі ақпаратты сатып алу-сату акті Геологиялық ақпарат басқармасынан тыс жүргізілген болса, онда барлық түсім Республиканың валюталық қорына қайтарылады, ал жер қойнауы жөніндегі ақпарат сатып алушыдан жер қойнауын қорғау және пайдалану үшін Мемлекеттік бақылау

органдары арқылы қайтарылып алынады.

18. Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, кәсіпорындары, заңды ұйымдары мен азаматтары, ТМД республикалары, шет елдер арасында жер қойнауы жөніндегі ақпараттарды тарату жөнінде туған даулар соттарда және арбитраждық соттарда Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіп бойынша қаралуға тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК